

А 2006

5747<sub>15</sub>

ем балалар әдебиеті



Р.Э. РАСТЕ

Мюнхгаузеннің  
хикаялары




Г.А. БЮРГЕР

Барон  
Мюнхгаузеннің  
басынан өткен  
ғажайып  
оқиғалары





А. НЕКРАСОВ

Капитан  
Врунгельдің  
басынан кешкендері






1 2006/5747



# ОЙНА

Мюнхгаузеннің  
хикаялары



A grid-based puzzle layout with numbered circles (1-87) and arrows indicating a path. The path starts at circle 1 (top left), goes to 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87 (top right).





Әлем балалар әдебиеті







*Әлем балалар әдебиеті*

---

**Р.Э. РАСПЕ**

**Мюнхгаузеннің  
хикаялары**



**Г.А. БЮРГЕР**

**Барон Мюнхгаузеннің  
басынан өткен  
ғажайып оқиғалары**



**А. НЕКРАСОВ**

**Капитан Врунгельдің  
басынан кешкендері**

Алматы

«Балауса» баспасы

2005

*Қазақстан Республикасы Мәдениет,  
ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат  
комитетінің «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін өзірлеу  
және шығару» бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.*

**Ақылдастар алқасы:**

*Есетжан Қосубаев  
Слаибек Тәуекел  
Қадыр Мырза Әли-Төраға  
Әлібек Асқаров  
Абылайхан Құлбаев  
Әбілмәжін Жұмабаев  
Оразақын Асқар  
Сұлтан Қалиев*

**P 21** Распе Р.Э. Мюнхгаузеннің хикаялары. Аударған О.Әубәкіров. Бюргер Г.А. Барон Мюнхгаузеннің басынан өткен оқиғалары. Аударған С.Даумов. Некрасов А. Капитан Врунгельдің басынан кешкендері. Аударған Е.Өтетілеуов. Құрастырған: О.Асқар. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2005. – 304 бет.

Бұл әлем балалар әдебиетіне арналған 50 томдық-тың бірі.

ISBN 9965-672-28-8

Неміс жазушысы Рудольф Эрих Распенің жинап, өңдеп бастыруымен жарық көрген бұл шығарма, Еуропаға кеңінен тараған күлдіргі ертегілер.

Осы сатиралық повестің Г.Бюргер жинап, құрастырған варианты да оның заңды жалғасындай қызықты оқылады.

Тақырып жағынан өз ара үндес А.Некрасовтың «Капитан Врунгель» атты шығармасы да Мюнхгаузеннен алған оқырман әсерін толықтыра түседі.

4703010100

P 411(05)-05

ISBN 9965-672-28-8

ББК 84 нем 7-44

© «Балауса» баспасы, 2005

© Құрастырушы О. Асқар

© Дизайнер Ж.Болатаев



## АЛҒЫСӨЗ

«Мюнхгаузен хикаяларына» негіз болып отырған таңғажайып күлдіргі әңгімелер Германияда XVIII ғасырда өмір сүрген Мюнхгаузеннің басынан кешкен оқиғалары. Бұл оқиғаларды өзі айтты ма, басқа біреу ойдан шығарды ма, ол арасы белгісіз. Бізге мәлімі тек неміс жазушысы Э.Распе сол әңгімелерді жинап 1781 жылы жарық көрген шығарма. Ал, Г.А.Бюргер де бұл оқиғаларды өзінше жазып жариялайды. Мюнхгаузен туралы осы екі шығармаға қосымша Капитан Врунгельдің басынан кешкендері туралы төменде С.Махалковтың арнайы түсініктемесін ұсынып отырмыз.

Қырық жылдам астам бұрын мен қолжазба күйінде Андрей Некрасовтың «Капитан Врунгельдің басынан кешкендері» хикаятын оқып шыққам.

Одан ержүрек капитанның өзінің сергек серіктері Лом және Фукспен бірге «Апат» атты желкенді қайықпен жер шарын айналып жүзіп шығуға аттанғанын біліп едім.

Содан бері әлемде көп өзгеріс болды. Біздің планетаның картасы басқа түрге ие болды, адам ғарышқа шықты, атом кемелері бұрын өткел бермес мұздарды жарып, жол салды... Жұрт жаңа қуаныштар мен жанаша қамқарекеттермен қуанышты. Бұл уақыт ішінде көптеген жаңа кітаптар пайда болды.

Ал «Апат» атты кішкене яхта балалар әдебиетінің шексіз мұхитында әлі күнге дейін жоғала қойған жоқ. Көптеген әдеби кемешіктерді артына қалдырған капитан Врунгель бұрынғыдай, алған бағытынан адаспай,

өз оқушыларының жүрегіне сеніммен жол тауып келеді.

Миллиондаған ұл-қыздар үшін капитан Врунгель мақтаншақ Мюнхгаузен, ержүрек Робинзон немесе сотқар Том Сойер сияқты сүйікті кейіпкерге айналды.

«Капитан Врунгельдің басынан кешкендерінің» алғашқы оқырмандарының көпшілігі бүгінде – аталар мен әжелер. Бұл кітаптың бірінші басылымдары қазір қолға түспейтін дүниеге айналды. Ал капитан Врунгель болса, зейнеткерлікке әзір асығатын түрі жоқ. Ол бүгінде өзінің аса маңызды да қажетті жұмысын атқаруда: оқырмандарға көңілді сөттер сыйлап, оларды ауыртпалық пен қиыншылықтарды күліп жүріп жеңуге үйретеді.


Бұл кітаптың бетін алғаш рет ашушыларға мен сәл қызғана қараймын: олар талай қызықты бастарынан кешіріп, мүмкін, теңізге құштар болар да, ең кемі, құмарынша күлкіге бір батар.

*Сергей Михалков*

Р.Э. РАСПЕ


Мюнхгаузеннің  
хикаялары

Аударған  
Оспанхан Әубәкіров



© «Художественная литература, 1960  
© Қазақша «Қазмемкөркемөдебас», 1966  
© Қазақша «Жалын» баспасы, 1983





## ЖЕР БЕТІНДЕГІ ЕҢ ШЫНШЫЛ АДАМ

**К**оңқақ мұрын, кішкентай шал от басына жайғасып алып, өзінің басынан кешкен хикаялары жайлы гулетіп соғып отыр.

Қасындағылары өтірік күліп, қасақана қоштаған болады.

– Ой, қасқа! Жаса, Мюнхгаузен! Ал бұл қасқаның олармен ісі жоқ.

Айға ұшып барып үш аяқты адамдардың арасында болғаны, өзін ғаламат үлкен дию балықтың жұтып қойғаны, мойыны үзіліп басынан айрылып қалғаны жайлы небір сұмдықты бүйрегі бүлк етпей соға береді.

Бірде еріккен біреу мұның әңгімесін тыңдайтындай тойған соң, қолды бір-ақ сілтепті:

– Қой, мұның бәрі сандырақ! Өмірде болмайтын шикі сөз. Бұған шалың шамданып, мұрнын тартып былай дейтін көрінеді:

– Мен танитын бегің де, биің де, сұлтаның да мына бізді дүниедегі ең бір шыншыл адам деп есептейтін, шырағым.

Тыңдап отырған жұрт одан әрмен санын сабалап күледі.

– Мюнхгаузен – шыншыл адам, ә?! Ха-ха-ха! Ха-ха-ха! Ха-ха!

Ал Мюнхгаузен болса ойында ештеме жоқ, бұғының шекесіне өскен ғажайып ағаш жайлы әңгімесін жалғастыра береді.

– Алжыған-ау, ағашы несі? О заман да бұ заман бұғының басына ағаш өсуші ме еді?

– Өседі. Өскенде қандай, кәдімгі шиіе ағашы. Жемісінің дәмі қандай. Тіл үйіреді...

Сол әңгімелердің бәрі түп-түгел осы кітапта жазылған.

Жер бетінде Мюнхгаузен деген дөкейден өткен шыншыл адамның болған-болмағанын оқып көріп өздерің пайымдарсындар.

## АСПАНДАҒЫ АТ

Атыма мініп алып, Ресейге қарай бет алдым. Қақаған қыс еді. Жапалақтап қар жауып тұр.

Бір кезде атым болдырып, тәлтіректей бастады. Өзім де көзім еріксіз жұмылып, қалғып-мүлгіп келемін. Тіпті аттан ауып түсіп қалсам да сезетін емеспін. «Құдайы қонақпын» деп құлай кететін жақын арада ел көрінбейді.

Не істеуім керек?

Елсіз-күнсіз айдалада жатуға тура келді.

Төңірек жылан жалағандай, қылайған қылпық жоқ. Қар астынан тек бір кішкентай таяқ көрінгені.

Таяққа дірдек қаққан атымды әрең байладым да, өзім сол жерге құлай кетіп, қор ете түстім.

Аузымнан суым ағып көп ұйқтасам керек. Көзімді ашып алсам, айдалада емес, ауылда жатырмын. Астапыралла, ауыл деймін-ау, көдімгі қалашықта жатырмын. Жан-жағымның бәрі түтіндеткен үй.

Бұл не сұмдық! Мен өзі қайда жатырмын? Мынау үйлер бір түннің ішінде жер астынан жапырлап шықты ма?

Ойбай-ау, айтпақшы, атым қайда?

Түкке түсінбей, жынын алдырған бақсыша мөңгіріп көп отырдым. Бір кезде жылқының кісінегенін құлағым шалып қалды. Апыр-ау, мына кісінеген менің атым ғой.

Қайда жүр өзі?

Әлгінің кісінегені аспан жақтан естіледі.

Талтайып тұрып аспанға қараймын, мына қызықты қараныз.

Менің атым шіркеудің тәу ұшар басында салбырап тұр. Көк тіреп тұрған кірестің дәп өзіне байланыпты.

Істің мән-жайына сәлден соң түсіндім.

Кеше кеште қалың жауған қар бұл қалашықты үй-

мүйімен адам-мадамымен түгел басып қалыпты. Таяқша деп жүргенім қар астында қалған шіркеу кіресінің ұшы екен.

Онысы кірестің ұшы екенін итім біле ме, қазық екен дедім де, атымды байлай салдым! Бақсам, түнде аяқ астынан күн жылынып қар еріпті де, мен бейбақ қорылдаған күйі жерге түсіп қалыппын.

Маңдайының соры бес елі бейшара атым салбыраған күйі төбеде қалып қойыпты. Көк тіреген кіреске байланған ат кісінемек түгіл, шынғырса да жерге түсе алмайды ғой..

Ал енді, не тірлік істеу керек?

Ойланып тұратын уақыт жоқ, тапаншамды суырып алып, аспандағы атымның тізгінін дәлдеп тұрып тартып қалдым.

Тізгіні қиып түсіргендей қақ бөлінді.

Атым да жерге дік етіп түсе қалды.

Сабазыма қарғып міндім де, заулатып тарттым да кеттім.

## ШАНАҒА ҚАСҚЫР ЖЕГІП КӨРДІҢДЕР МЕ?

**Қ**ыстың күні қоқиып атпен жүру ақымақтың ісі екен. Ең рақаты шана. Керемет бір шана сатып алдым да, аттың басын қоя бердім.

Күн бата орманға кеп кірдім. Көзім ілініп барады екен, есі кетіп кісінеген жылқының даусын естігенім. Ай сүттей жарық еді, жалма-жан жаң-жағыма қарасам, арымда бір қасқыр аузын арандай ашып сабап келеді екен.

Есімнен танып қала жаздадым.

Көзді шарт жұмып, шананың түбіне бүк түсіп жата қалдым.

Жан тәтті ғой, ат байғұстың да безгелдегі шығып безіп барады. Азу тісі сақылдап, көзі қарайған қасқыр тура құлағымның түбінен өткендей болды.

Құдай жарылқағанда қасқырың маған пыскырып та қараған жоқ.

Әлгі сойқан менің басымнан қарғып өтіп, азынатып бара жатқан бейшара атыма ауыз салды.

Ә дегенде-ақ атымның артқы аяғы, жамбасы-мамбасымен түгелдей қасекеннің аузына кірді де кетті.

Қорыққаны ма, үріккені ме, атымның алдыңғы екі аяғы әлі шауып келеді. Бақа жұтқан жыландай қасқыр атымды бірте-бірте қылғыта берді.

Бір кезде есімді жиған соң қамшыны қолға алып, қасекенді құйрықтан айда кеп саба!

Жалмауызға да жан керек екен, ойбайлап ұлып алға ұмтылды.

Атымның бас жағы әйтеуір қасқырға жем болмай қамыт-сайманнан сыпырылып түсті. Ал қасқырдың өзі аттың орнына шілия-қамытқа киіліп, шанаға жегілді де қалды.

Шанаға атша жегіліп қалған қасқыр қалай құтылсын?

Әкесін танытып бұзаубас қамшымен, ойдө, сабап келемін.

Қасқыр да аяқ-қолы жерге тимей жын қуғандай ұшып келеді.

Зымырағанымыз сонша, екі-үш сағаттың ішінде желіп отырып, Петербургтен бір-ақ шықтық.

Аң-таң болған Петербург жұрты көшеге топ-тобымен жүгіре шығып, шанаға айдаһардай қасқыр жеккен батырды көргенде талып қала жаздады.

## КӨЗДІҢ ОТЫ

Петербургтегі өмір бір дәурен еді, шіркін. Аңға жиі-жиі шығушы едім. Құдайдың құтты күні неше түрлі қызықты хикаяларды бастан кешірген сол кездерді ойласам есім ауып қалады.

Мынадай бір оқиға әлі есімде.

Менің жатын бөлмемнің терезе жағындағы дариядай көлде, көгермей кетейін, қанатты құстың неше түрлісі өріп жүруші еді. Бір күні терезеден сол көлде мыңғырып жүрген жабайы үйректі көріп қалдым.

Мылтығымды ала-мала далаға жүгіріп шықтым.



Асып-сасып, аптығып шығып келе жатқанда, есікке басымды тарс соғып алып көзімнің оты жарқ етті. Оған да қарағам жоқ, безіп келем.

Безгеннен-безіп отырып көлге келдім. Быттиған семіз үйректің біреуін көздеп тұрып атайын десем – маскара, білтелі мылтығым от алмайды. Шақпағы жоқ. Ал шақпақсыз ол мылтықты сабасаң да от шықпайды.

Шақпақ үшін үйге жүгіру керек пе? Оған дейін үйректен бүйрек те қалмай ұшып кетеді. Не істерімді білмей құдайды қарғап отырғанда, басыма тарс етіп бір ақыл түскені.

Құлаштап-құлаштап тұрып бар күшіммен оң көзіме сақ еткізіп періп кеп жіберіп едім, көзімнен от найзағайдай ұшқындады. Сол сәтте мылтығым да от алып, тарс ете түсті.

Иә! От жарқ етті, оқ-дәрі қарқ етті. Мылтық сарт етті. Мен бір оқпен быттиған-быттиған он үйрек атып алдым.

Сіздерге де айтқан ақылым болсын: от жоқ жағдайда оны оң көзіңізден ұрып шығаруға болады.

## ТАҢҒАЖАЙЫП ОҚИҒА

**А**йтпақшы, тағы мынадай бір қызық бар.

Бірде күнұзақ қаңғып-қаңғып түк таппай, күн бата ну тоғай арасында үйрегі үйелеп жатқан үлкен көлге тап болдым. Өмірімде мұндай құжынаған үйрек көрген емеспін!

Маскара болғанда тарсылдатып ата-ата бірде-бір оқ қалмапты.

Дәп сол күні кешке құстың етін жегізем деп қонақ шақырып қойғанымды қайтерсін!

Мен өзі жаратылысымнан қонақжай, жомарт адаммын. Менің керемет аспаз екенімді күллі Петербург жұртшылығы білетін. Сөйте тұра үйге үйрексіз құр қол қалай барамын?

Не істеудің амалын таппай басым қатып тұрғанда, дорбамда жатқан бір жапырақ май есіме түсті.

Ура! Бұл май үйректердің басын айналдыратын ғажап сиқыр болады. Дереу майды алып ұзын, жіңішке жіпке байладым да, суға лақтырып жібердім.

Қу тамақ деген бөле ғой, үйректер көрген бетте бар-қылдасып майға қарай жүзе жөнелді.

Бұрын жеткен біреуі ай-шайға қарамай майды сылп еткізіп жұтты да жіберді. Майдың өзі сынаптай жылпылдап тұр еді, үйректің асқазанына аялдамай құйрығынан бір-ақ шықты.

Сонымен әлгі алаңғасар үйректі жіпке өткізіп алдым.

Еңкедеп келген екінші үйрек майды қылқ еткізіп еді, оның да құйрығынан бір-ақ шықты.

Үйректер бірінен соң бірі май асаймыз деп келіп, шетінен жіпке тізіле берді. Он минут өтпей-ақ бүкіл үйрек жіпке моншақтай тізілді.

Ал енді мұның аншы үшін қандай рақат екенін өздеріңіз айтқызбай-ақ түсініп отырған боларсыздар? Ендігі жұмыс үйректерді жіптен босатып алып, қазанға салу ғана.

Не керек, достарым бір ыңқылдап тоятын болды. Алайда мұншама быттиған үйректерді арқалап жүру оңайға түспеді.

Біраз жер жүрген соң иттей болдырдым. Бір кезде – мәссаған, безгелдек – үйректер мені көтеріп көкке ұшып барады.

Менің орнымда басқа біреу болса, сасқанынан есінен адасып қалар еді. Бірақ мен өйткенім жоқ, үйткені мен дегенің әрі ер жүрек, әрі тапқыр адаммын ғой.

Шапанымның етегінен руль жасап, не керек, ыңғайыма бұрып отырып, тура үйімнің төбесіне ұшып келдім.

Ал енді жерге қалай түсу керек? Ол да оңай болды! Мен секілді тапқыр адамға не дауа. Бірнеше үйректің мойнын бұрап жіберіп едім, ақырындап жерге түсе бастадым.

Дәлдегендей түп-тура өз үйімнің түтіндігінен түстім. Құлдырап отырып, пештің аузынан шыға келгенімде, аспазымның аң-таң боп тұрып қалғанын көрсеңіз ғой, шіркін!

Менің бақытыма аспазым әлі от жақпаған екен.

## СҮМБІМЕН ҚҰР АТТЫМ

**Б**ұ тапқырлық дегенді қойсаңшы – керемет нәрсе ғой. Бір күні жалғыз оқпен жеті құрды бір-ақ атып алғаным бар. Содан кейін бұл Мюнхгаузен деген көкеңді алдына жан салмаған дүниедегі ең бір асқан мерген деп дұшпандарымның өзі мойындады. Тіпті бұрын-соңды мұндай мерген болып көрген емес деді-ау.

Қызықтың өзі былай болды.

Оқтың бәрін тауысып, аннан қайтып келе жатқанмын. Бір кезде дәп аяғымның астынан быттиған-быттиған жеті құр пыр етіп ұшты да кетті. Әрине, бір қазан етті дәмін татпай ұшырып жіберуге дәтін қайтып шыдайды.

Мен дереу мылтығымды оқтап алдым. Оғың жоқ болса немен оқтадың дейсіз ғой. Сүмбінің дәп өзімен оқтадым! Кәдімгі мылтықтың өңешін тазалайтын сүмбінің өзімен оқтадым.

Сосын құрлардың артынан қуып барып, шошытып ұшырдым да, көздеп-көздеп тартып қалдым. Бірінің артынан бірі тізіліп бара жатқан құрдың жетеуін бірден сүмбім сүзіп алды. Іскекке тізген шашлықтай жетеуі алдыма кеп топ ете түсті.

Ал енді мына қызықты қараңыз. Әлгі жеті құрдың жетеуі де қуырылған құр болды. Иә, кәдімгі отқа қақтап пісіргендей.

Пісіп түсетін жөні де бар екен. Оқ орнына атылған сүмбі қып-қызыл боп қызбай ма? Сол қып-қызыл сүмбі құрдың ішін жарып өткенде піспей не жаны қалсын!

«Піскен астың күйігі жаман» дегендей отыра қалып бір тойып алдым.

## ИНЕМЕН ТҮЛКІ АТТЫМ

**Ә**мірде тапқырлық таптырмас ақыл болса, бұл жалғанда Мюнхгаузен деген көкеңнен өткен тапқыр адам жоқ.

Бір күні мүлгіген орыс орманын аралап жүргенімде бұлаңдаған қызыл түлкі тап болды.


Әлгі бәлекеттің терісінің құлпыруы сонша, оқ атып бүлдіргім келмеді.

Дереу мылтықтың көмейіндегі оқты суырып алып, етікшінің тебен инесімен оқтадым да, тарс еткізіп тартып қалдым. Ағаштың түбінде жылтындап тұрған түлкінің сойқан құйрығына тиіпті. Ағашқа құйрығын шегелеп қойғандай түлкі салбырады да қалды.

Сосын қырық өрім қызыл қамшымды қолға алып, ал кеп саба жон арқадан.

Әлгі сорлыны мес қылғаным сонша, сізге өтірік маған шын, түлкіңіз терісін тастап, тыр жалаңаш күйінде тұра қашты. Ал терісін оққа жыртқызбай, бытыраға тескізбей, бүтін күйінде алып қалдым.

## СОҒЫР ШОШҚА

 із деген, шырағым, небір қызықты көрдік қой. Бір күні қалың тоғайды аралап келе жатсам, кішкентай жабайы торай жүгіріп келеді. Оның соңында құйындатқан шошқа.

Тарс еткізіп тартып қалып едім, мүлт кетті.

Бақсам, атқан оғым торай мен шошқаның қақ ортасынан өтіп кеткен екен.

Торай ышқына бір шыңғырды да, құйрығын шошаңдатып тоғайға қойып кетті. Ал үлкен шошқа байлап қойғандай тырп етпей тұрды да қалды.

Мен аң-таңмын: бұл қашпай не ойлап тұр? Жанына келіп қарасам, шошқаның соғыр екен. Қалай жүрерін білмей, дал болып тұрса керек. Ал тоғай аралағанда торайының құйрығынан ұстап жүретінге ұқсайды.

Әлгінде мен атқан оқ торайдың құйрығын қақ бөліп кетіпті.

Торай жарты құйрығымен жөніне кетті. Ал мына өгіздей шошқа торайсыз қайда барарын білмейді. Аузында торайының жарты құйрығы қалған, басқа дәрмен жоқ. Осы тұста ойыма тосын ақыл келді. Мен әлгінің аузында қалған жарты құйрықтың бір шетінен ұстап, шошқаны тура үйге, қазанға қарай жетектеп алып

кеттім. Сорлы шошқа торайым жетектеп келеді деп ойлаған болу керек, соңымнан томпаң қағып желіп келеді.

Иә, тағы да қайталап айтайын, тапқырлық деген таптырмайтын ақыл!

## МЕН ҚАЛАЙ ҚАБАН ҰСТАДЫМ

**Е**нді бірде тоғайда маған жабайы қабанның өзі кезігіп қалды.

Қолымда мылтығым да жоқ еді, бұ пәлемен белдесу қиынға соқты.

Жан тәтті екенін білесіздер, тырақайлап тұра қашып едім, әлгі иттің баласы тұра қуды. Егер мен бірінші кезіккен еменді паналамасам, құтырынып келе жатқан қабан шалғыдай тісімен бір жерімді орып кетер еді.

Жүйткіп келе жатқан қабан екпінімен кеп еменді соққанда, шалғыдай тістері еменге қатты еніп кетіпті. Енді қайта шығара алмай ақымақ болып тұр екен.

– Әп бәлем, түстің бе қолға! – дедім еменнің артында тұрып. – Тұра тұр! Сен енді менен қашып құтыла алмайсың!

Тас тауып алып әлгінің тісін одан әрі батыра, қаға түстім. Босанып кетуі мүмкін ғой. Сосын қыл арқанмен қылғындыра байлап арбаға жығып салдым да, жау тұтқындағандай мәз болып үйге алып келдім.

Аңшы достарым жағаларын ұстап, таң қалып жатыр. Мынадай айуан аңды бір түйір ок шығармай, бір түйір жарақаттанбай, тірідей байлап әкелгеніме сенерін де, сенбесін де білмейді.

## ТАҢҒАЖАЙЫП БҰҒЫ

**А**йтпақшы, бұдан да өткен қызыққа тап болғаным бар.

Жол-жөнекей сатып алған тәтті шиемді жеп, тоғай аралап келе жатқанмын.

Бір кезде қарсы алдымнан бұғы шыға келді, Мүйізі тоқсан тарау, жұтынып тұрған семіз бұғы екен!

Ал енді қырсыққанда бір оқ болсашы – дым жоқ!

Бұғы болса оғымның жоқ екенін білгендей қаннен-қаперсіз маған көзінің қиығымен қарап, оттап тұр.

Әбүйір болғанда бірнеше шие қалыпты. Амал жоқ, мылтығымды шиенің сүйегімен оқтап алдым. Күлмей-ақ қойыңыз, тап кәдімгі шиенің сүйегімен оқтадым.

Толғап-толғап, тарс еткізіп едім, бұғы «адам болмай-сың!» дегендей басын шайқады. Шиенің сүйегі шекесіне сарт етіп тиюін тигенімен жанын шығарып жарақаттамады. Қыңқ демей бұғы жалт бұрылып, тоғайға қойды да кетті.

Дәу қазан еттен айрылып қалғанымға ішім удай ашыды. Бір жыл өткен соң мылтығымды сүйретіп, сол тоғайға тағы келдім. Былтырғы шиенің сүйегі жайлы оқиганы, әрине, ұмытып кеткенмін!

Міне, қызық! Шекесінде, дөп қос мүйіздің екі арасында, мәуелі шие ағашы өсіп тұрған керім бұғы торс етіп тулап шыға келді. Мен есімнен танып қала жаздадым. Сымбатты бұғының басында мәуелі ағаш! Бұл ағаштың былтырғы мен атқан шиенің кішкентай сүйегінен өніп шыққанын бірден білдім. Бұ жолы оғым көп еді, өлген жерің осы деп тарс еткіздім. Бұғы серең етіп шалқасынан түсті. Сөйтіп жалғыз оқпен бір қазан ет, бір қазан компот атып алдым. Бір қазан компот болатын себебі бұғының шекесіндегі ағаш уылжып піскен баданадай шиеге тұтасып тұр екен.

Ал, шынымды айтсам, мұндай тәтті шиені мен өмірімде аузыма салып көрген емес едім.

## ТАМАША АҚЫЛ

**М**еге екенін білмеймін, тістері сақылдаған небір жауыз андар қас қылғандай қару-жарақсыз құр қол жүргенде жиі кездеседі маған.

Тоғай кезіп томпаңдап келе жатыр едім, қарсы алдымнан аузы кере қарыс қасқыр шыға келгені. Азу тісін ақситып тура мені жегелі келеді.

Не істеу керек? Зытқан жөн. Қайдағы?! Қасекең арс етіп атылды да, жығып салып кеудеме мініп алды. Міне,

енді кенірдегімді орып жібермекші. Менің орнымда басқа бір мәнжубас болса есінен танып қалар еді. Мюнхгаузен деген дәкейді білесіздер ғой, қыңқ еткен жоқ. Мендей тапқыр, мендей қайсар адам жоқ қой, шіркін! Ойланбай әп-сәтте жұдырығымды аузына тығып жібердім. Тістеп алмасын деп қолымды өңешіне әрірек үңгі тыққылап, нығарлап жатырмын. Қасқырдың жыны ұстап, ала көзімен қарап қояды, ыза болғаны сонша, көзінен от шашып тұр. Егер қолымды суырып алсам, қасекең менің қас-қабағыма қарамай шайнап-шайнап түкіріп тастайтынына көзім жетіп тұр. Сондықтан қолымды әрірек тереңдете сұққылап, нығарлап қойдым. «Қысылғанда қымыз шығады» дегендей, қысылғанда бір ақыл тапқаным. Ішекті қалай айналдыратынын көрген шығарсындар. Сол секілді қасекеңнің ішіндегі көрбай-жербайын тартып қалғанымда, тоқ ішектей айналып шыға келді.

Мынадай операциядан кейін қасқырдың қандай болатынын біліп отырған шығарсындар. Өлді де қалды.

Сол қасқырдың терісінен өзіме жып-жылы тамаша кеудеше тігіп алдым. Сенбесендер, келіп көріңдер.

## ҚҰТЫРҒАН ТОН

**М**ен не көрмеді дейсің? Менің өмірімде қасқырдан да қорқынышты машақаттар болды ғой.

Бір күні құтырған итке тап болып, алдына салып алып, қуғаны бар.

Мен де аяғым аяғыма тимей сайтандай зыттым.

Үстімде дінгектей ауыр тоным бар еді, сол ит аяғыма оралып зықымды шығарғаны. Безіп келе жатып, үйге жете бере тонды лақтырып жібердім. Құйындай ұшып үйге зып бердім де, есікті тарс жаптым. Тон сол күйі далада қалды.

Құтырған ит тонды бас салып түгін қоймай түтіп жатыр. Малайым тонды жұлып алып, менің киімдерім тұратын шкафқа әкеліп іліп қойыпты.

Келесі күні таңертең әлгі қу малай бөлмеме жүгіріп келіп, аттан салмасы бар ма.

– Тұрыңыз ойбай, тоныңыз құтырып кетті! – дейді.

Қарғып тұрып шкафты ашып қалсам – таза масқара. Бүкіл киім-кешегімнің дал-далы шығыпты.

Малайымның бажылдап жүргені тегін емес екен: тоным шынымен құтырып кетіпті. Құтырған ит жұлмалаған соң оңа ма?

Әлгі құтырған қу тон сонысымен тек тұрмай үстімдегі жаңа шекпеніме ауыз салды. Әп-сәтте пора-порасын шығарды.

Тапаншамды жұлып алып, тонды торс еткізіп атып салдым.

Құтырған тон пышақ кескендей тырп ете түсті. Сосын малайыма: «Тонның аяқ-қолын байлап жеке шкафқа іліп қойындар!» – деп бұйырдым.

Содан бері сорлы тон ешкімді қаппайтын болды. Мен оны қорықпай-үрікпей киіп алып, жүре беремін.

## СЕГІЗ АЯҚТЫ ҚОЯН

**Р**есейде жүргенде неше түрлі қызықты көрдік қой. Бір күні өзім өз болғалы өмірде көрмеген ғажап қоян көрдім. Бұл қоянды оқтан жүйрік десе болар. Жан-жағына қарамай, не бір отырып демалмай тікеден тіке тарта береді. Менің Дианка деген итім әлгі зымырауық қояннан өкшелеп қалар емес. Ал мен болсам, қоянды қарауылға алып тарс еткізер жерге жете алмай салпақтап келемін.

Ой, өлдім-талдым дегенде, дәп үшінші күні әлгі зымырауық мақұлықты атып түсірдім-ау, әйтеуір.

Аттан қарғып түсіп, быттиған қоянды көтеріп алдым.

Сондағы менің аузымды ашып таңғалғанымды көрсеңіз ғой. Әлгі быттиған зымырауық қоянның артық аяғы бар екен. Бауырында төрт аяқ, арқасында төрт аяқ!

Өтірік айтсам нан ұрсын, арқасындағы аяғы балғадай мықты екен! Бауырындағы аяғы шаршағанда арқасына ауып түсіп үстіңгі аяғымен тарта береді екен жарықтық. Сегіз аяғы болмаса мен де арам тер болып оны үш күн ұдайы қумас едім ғой!